

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Тарбағатай ауданының Екпін ауылдық округіне қарасты "Ескі ауыл" учаскесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 492 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 22 қарашадағы № 528 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 қарашада № 6316 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағының 10) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 16 қазандағы № 1257 ұсынысы негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мүйізді ірі қара малдарының бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Тарбағатай ауданының Екпін ауылдық округіне қарасты "Ескі ауыл" учаскесінде шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 492 қаулысының "Тарбағатай ауданының Қызыл кесік ауылдық округіне қарасты "Үштөбе" учаскесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-16-146 тіркелген, және 2018 жылғы 02 қазандағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С. Садвакасов*